- Аспап тек тұрмыста ғана пайдалануға арналған. Аспапты коммерциялық мақсатта ұзақ уақыт пайдалану оның шамадан тыс жүктелуіне әкелуі мүмкін, соның нәтижесінде ол зақымдануы мүмкін немесе адамдардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.
- Пайдаланар алдында осы Нұсқаулықты мұқият оқыңыз және оны сақтап қойыңыз.
- Аспап осы Нұсқаулыққа сәйкес мақсаты бойынша ғана пайдаланылуы тиіс.
- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар адамдарға (балаларды қоса алғанда) немесе тәжірибе мен білімнің жетіспеушілігіне, мұндай адамдарға олардың қауіпсіздігіне жауапты адамның осы құралды пайдалануына қатысты қадағалау жүзеге асырылатын немесе оларға нұсқау берілетін жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларды аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында, қадағалауды жүзеге асыру қажет.
- Аспапты іске қосар алдында әр кезде оны қарап байқап шығыңыз. Егер аспап пен желілік сым зақымдалса, ешқандай жағдайда аспапты розеткаға қоспаңыз.
- Аспап құлағаннан кейін, көзге көрінетін зақымдану белгілері болса, оны пайдалануға болмайды. Пайдаланар алдында аспапты білікті маман тексеруі тиіс.



Назар аударыңыз! Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз.

- Ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Аспапты тек қана айнымалы ток (~) көзіне қосыңыз. Қосар алдында аспаптың желіде қолданылатын кернеуге арналғанына көз жеткізіңіз.



Аспапты сыртқы төтенше әсерлерге ұшыратпаңыз



Аспапты кез келген соққылардан сақтаңыз



Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз



Ешбір жағдайда құралды суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз

- Кез келген қате қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Стандартты емес қуат көздерін немесе іске қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Аспапты желіге қосу алдында ол сөндірулі күйде екеніне көз жеткізіңіз.
- Аспапты үй-жайдан тыс жерде пайдаланбаңыз. Аспапты ыстықтан, тікелей күн сәулесінен, өткір бұрыштарға соғылудан, ылғалдылықтан сақтаңыз (еш жағдайда аспапты суға батырмаңыз).
- Қуат баусымын ылғал қолмен ұстап желіге қоспаңыз.
- Пайдалану аяқталған кезде, құралды тазалғанда немесе ол сынғанда оны үнемі желіден ажыратыңыз.
- Аспапты қараусыз қалдырмаңыз.
- Аспапты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Желілік баусымынан ұстап аспапты тасымалдауға боламайды.
- Сондай-ақ аспапты, оның желілік баусымынан ұстап, желіден ажыратуға тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда, ток өткізгіш істіктерге қол тигізбей, штепсельдік айырдан ұстаңыз.
- Желілік баусымды ауыстыруды тек қана білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері іске асыра алады. Біліктілігі жоқ жөндеу пайдаланушыға тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапты өз бетінше жөндемеңіз. Жөндеу, тексеру және реттеу тек қызмет көрсету орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.



Балаларды аспаппен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асырыңыз



Аспап ол ыстықтың, тура күн сәулелерінің және ылғалдың әсеріне ұшырамайтындай етіп сақталуы тиіс



Желілік баусымынан ұстап аспапты тасымалдауға боламайды






Шаңсорғыш бөлшектерін ыдыс жуу немесе кір жуу машинасында жумаңыз

ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспаптардың жұмысы кезінде оны қыздыру және басқа да электр аспаптарынан алыс орналастырыңыз.
- Шаңсорғышты шаң шинағышсыз және сүзгілерсіз, сонымен қатар ластанған немесе бүлінген сүзгілермен, немесе осы модельге сәйкес келмейтін сүзгілермен пайдалануға тыйым салынады.
- Шаңсорғышты тазалау үшін химиялық еріткіштерді пайдаланбаңыз.

- Шаңсорғышпен келесі заттар мен материалдарды жинамаңыз:
 - жанғыш заттар: күл, шоқтар, тұқылдар және т.б.;
 - үшкір заттар: сынған шыны, инелер, кеңселік жапсырма шегелер, қыстырғыштар және тағы басқа;
 - принтерлерде немесе көшіру машиналарында қолданылатын бояғыш, өйткені ол электр өткізгіш қоспа болып табылады және сүзгіден толығымен шығарылмайды;
 - улы, жарылыс қауіпті және күйдіргіш заттарды;
 - асбест немесе асбест шаңды;
 - құрылыстық гипс-цементті-әк тозаңды;
 - ірі табақты фрагменттерді;
 - ылғалды шаңды және ласты;
 - су және басқа да сұйықтықтар.
- Адамдар мен үй жануарларын шаңсорғышпен өңдемеңіз.
- Тек қана өндіруші ұсынған аксессуарлар мен қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз.
- Шаңсорғышты иілгіш құбыршегінен ұстап тартпаңыз. Оның күйін үнемі тексеріп тұрыңыз. Құбыршек бүлінген болса, оны пайдаланбаңыз.
- Шаңсорғыштың ауа кіргізетін және шығаратын тесіктерін жаппаңыз.
- Шаңсорғышты корпустың шеттеріне және бүйір бөліктеріне орнатуға тыйым салынады. Шаңсорғыш ылғи көлденең жайғасымда болуы керек, шаңсорғыштың баспалдақтағы тұрақтылығын қадағалаңыз.



ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

- Аспап осы нұсқаулыққа сәйкес тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған.
- Аспап өнеркәсіптік және коммерциялық пайдалануға арналмаған.
- Сонымен қатар аспап үй-жайлардан тыс және ауа температурасы +5°C-ден төмен және ылғалдылығы жоғары жылытылмайтын үй-жайларда пайдалануға арналмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы пайдалану нұсқаулығында көзделмеген пайдалану нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты болмайды.

АСПАПТЫҢ СИПАТЫ

Шаңсорғыш шаң мен ұсақ қоқысты сору жолымен тұрмыстық үй-жайларды құрғақ тазалауға арналған.

Дисплейлі қуат элементі

- Eco (үнемді)
- Normal (орташа)
- Sport (максималл)



ЖИЫНТЫҚТАМА

- | | |
|--|-----------|
| 1. Шаңсорғыш | - 1 дана. |
| 2. Басқару пульті бар иілгіш құбыршек | - 1 дана. |
| 3. Батарея CR2025 (пультке орнатылған) | - 1 дана. |
| 4. Телескопиялық түтікше | - 1 дана. |
| 5. Еденге және кілемдерге арналған щетка | - 1 дана. |
| 6. Шағын турбошетка | - 1 дана. |
| 7. Саңылаулық саптама | - 1 дана. |
| 8. Жиһазға арналған щетка | - 1 дана. |
| 9. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық | - 1 дана. |
| 10. Кепілдік талоны | - 1 дана. |
| 11. Қаптама (полиэтилен пакет + қорапша) | - 1 дана. |

ПАЙДАЛАНУ



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Шаңсорғыш тораптары пластиктен жасалған және бір-біріне жете қиюластырылған. Бекіткіштер мен отырғызу орындарының зақымдануын болдырмау үшін **құрастыру кезінде күш салмаңыз**. Бөлшектер қисаюусыз отырғызу орындарына орналасуын және бекіткіштермен сенімді бекітілуін қадағалаңыз.






Қорапты ашып, құралды абайлап шығарып алыңыз, оны бүкіл орауыш материалдардан босатыңыз.

■ Құбыршекті қосу

- ✓ Түймесін жоғары қаратып, келте құбырды ауа соратын тесікке сыртыл естілгенше кіргізіңіз

■ Құбыршекті ажырату:

- ✓ Аспапты розеткадан ажыратыңыз
- ✓ Түймені басып, құбыршек келтеқұбырын ұяшықтан алып шығыңыз.



■ **Телескопиялық түтікті орнату:**

- ☑ Құбыршек тұтқасының ұштығын телескопиялық түтіктің жылжымайтын бөлігіне сыртыл естілгенше кіргізіңіз, тұтқадағы шығыңқыеы түтікше ұштығындағы ойықпен қиыстырыңыз.


■ **Телескопиялық түтік ұзындығын баптау:**

- ☑ Телескопиялық түтіктің жылжымалы бөлігіндегі пластикалық бекіткішті Алға (өзіңізден) сырғытыңыз және оның ұзартылатын бөлігін қажетті ұзындыққа дейін созыңыз. Телескопиялық түтік ұзындығын реттеңіз.

- Қажетті қондырманы телескопиялық түтіктің жылжымалы бөлігіне кигізіңіз («еден/кілем» үлкен щетканы немесе саңылаулық қондырманы/жиһазға арналған щетканы).

■ **Саптаманы кілемдерді, тақталы, ағаш жабындарды тазалауға дайындау:**

- ☑ Қатты жабындар – щётка жылжытылған.
- ☑ Кілемді жабындар – щётка жылжытылмаған.



ҚОЛДАНУ

- Баусымды қажетті ұзындыққа суырып шығарыңыз, артығын баусымды автоматты орайтын түйме көмегімен ораңыз. Баусымды сары белгіден әрі суырып шығармаңыз, ол тарқатылатын баусымның ұшы жақындағаны туралы белгілейді. Қызыл белгі тарқатылатын баусымның ұшын білдіреді.



Назар аударыңыз! Аспапты желіге қосар алдында оның техникалық сипаттамалары желі параметрлеріне сәйкес келетінін тексеріңіз («Техникалық сипаттамалар» тарауын қар.).

- Құбыршек тұтқасындағы пульт корпусынан батареяның оқшаулағыш тығыздағышын алыңыз.
- Аспапты желіге қосыңыз.
- Құрылғыны қосу үшін, шаңсорғыштың корпусындағы ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басыңыз, бұл кезде құрылғы ECO қуат режимінде жұмыс істейді (үнемді), қуат реттегішінің дисплейінде 1 бөлініс пайда болады.
- Сонымен қатар аспапты құбыршек тұтқасындағы I/O (Қосу/Өшіру) түймесімен іске қосуға болады. «+» және «-» түймесімен Eco, Normal, Sport қуатын таңдауға болады, бұл жағдайда шаңсорғыштың индикатор тақтасында тиісті индикатор жанады.
- Қуат реттегішін бұру арқылы сору күшін реттеңіз. 3 жұмыс режимі болуы ықтимал: Eco (үнемді – 1 бөлініс), Normal (орташа – 2 бөлініс), Sport (максималл – 3 бөлініс).
- Қуатты өзгерту сору күшін реттеуге мүмкіндік береді. Нәзік материалдар үшін орташа қуатты пайдалану ұсынылады, егер олар қатты ластанған болса, плиткалар, ағаштар және басқа да қатты жабындар максималды қуатпен тазаланады. Күнделікті жоспарлы тазалау кезінде максималды режимді пайдалану қажет емес.



ЕСКЕРТПЕ РЕТІНДЕ! Сору күшін тазалау барысында өзгертуге болады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Құбыршек қимасын жаппаңыз және шаң басқан сүзгілері мен толған шаң жинағышы бар аспапты пайдаланбаңыз. "ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ САҚТАУ" бөліміне сәйкес әр тазалаудан кейін сүзгілер мен шаңжинағышты тазалаңыз.

- Жұмысты аяқтағаннан кейін шаңсорғышты корпустың ҚОСУ/ӨШІРУ түймесінің көмегімен сөндіріңіз, содан кейін аспапты желіден ажыратыңыз. Кабельді орау үшін автоматты орау түймесін басыңыз. Бұл ретте, кәбіл қабылдағыш құрылғыға біркелкі түсуі үшін, екінші қолмен оны бағыттап отырыңыз.



Қосу/Өшіру түймесі

Дисплейді қуатты реттегіш:

- Eco (үнемді)
- Normal (орташа)
- Sport (максималл)



Баусымның автоматты түрде оралу түймесі

Баусымды суырып шығарыңыз

Сымды автоматты түрде орау түймесін басып, сымды тартып, желіге қосыңыз

Аспапты алғашқы рет пайдаланғанда

тұтқасындағы пульт корпусынан батареяның оқшаулағыш тығыздағышын

Корпустан іске қосу

Аспапты іске қосу үшін шаңсорғыш корпусындағы ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басыңыз

Дисплейде: ECO режимі (орташа)

Әдепкі бойынша жұмыс режимі - Eco (үнемді), дисплейді бөлініс

Құбыршек тұтқасынан іске қосу

Аспапты құбыршек тұтқасынан I/O (Қосу/Өшіру) түймесімен іске қосу

«+ / -» қуатты реттеу

Сору қуатын «+» және «-» түймесімен таңдау

Қуатты реттеу

Сору қуатын ауыстыру үшін, реттегішті оңға немесе солға бұраңыз

Normal режимі (орташа)

Жұмыс режимі – Normal (орташа), дисплейді 2 бөлініс

Sport режимі (максималл)

Максималды режимге ауысқан кезде Sport және 3 бөлініс белгісі жарқырайды

ШАҢЖИНАҒЫШ БІТЕЛГЕН!!! КОНТЕЙНЕРДІ ТАЗАЛАҢЫЗ

Егер шаңжинағыш толы болса, онда дисплей жұмыс бағдарламаларының барлық атауларын көрсетеді және сөнеді. Шаңжинағыш контейнерді тазалаңыз. «Тазалау және күтім» бөлімін қараңыз

Жұмысты аяқтау

1. Қосу/Өшіру түймесін басыңыз.
2. Автоматты орау түймесін басып, қолмен ұстап ұрып, баусымды ораңыз



СЫМДЫ БЕЛГІЛЕРДІҢ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ҰЗЫНДЫҒЫНАН АРТЫҚ ТARTУҒА ТЫРЫСЫ СЫМДЫ ОРАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ КЕПІЛДІКСІЗ БҰЗЫЛУЫНА ӘКЕЛУІ МҮМКІН.

ПУЛЬТТЕГІ БАТАРЕЯНЫ АУЫСТЫРУ

Егер қашықтан басқару пульті жұмысын тоқтатса, шланг тұтқасында орналасқан CR2025 қуат батареясын ауыстыру қажет.

- Батареяны ауыстыру үшін қуат бөлімінің қақпағын жалпақ бұрағыштың кең жүзімен алыңыз (жинаққа кірмейді) және оны босатыңыз, содан кейін қақпақты алыңыз (төмендегі суретті қараңыз).
- Батареяны ұстағыштан төмен сырғытыңыз және оны алыңыз, содан кейін полярлықты сақтай отырып («+» сыртқа) және әрекеттерді кері тәртіпте орындай отырып, жаңа CR2025 батареясын бөлімге орнатыңыз.
- Бөлім қақпағын орнына қойып, оны бекітіңіз.



CR2025 қорек элементі бар
құбыршек тұтқасы



Кең жүзі бар жалпақ
бұрағышты пайдаланыңыз
(жинаққа кірмейді)



Қуат бөлімінің қақпағын іліп
алыңыз



Қақпағын алыңыз




Батареяны ұстағыштан төмен
сырғытыңыз және оны алыңыз



Полярлықты сақтай отырып,
батареяны жаңасына
ауыстырыңыз
(«+» сыртқа).
Кері тәртіпте жинаңыз

ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ


- Шаңсорғышты алып жүру үшін тұтқаны пайдаланыңыз. Шаңсорғышты икемді құбыршектің немесе электр кабелінің артына өткізбеңіз.
- Шаңсорғышты ықшам және ыңғайлы сақтау үшін, құрылғының корпусында щетканы салуға болатын арнайы ойық бар.
- Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, шаңсорғыштың корпусын тігінен қоюға, телескопиялық түтікті толығымен жинауға және щетканы шаңсорғыш корпусының "асқазанындағы" ойыққа салуға болады, бұл сақтау орнын азайтады.



Т
І
К

С
А
Қ
Т
А
У

ТІК ОРНАТЫҢЫЗ



ТҰТҚАСЫНАН ҒАНА
ҰСТАП ТАСЫМАЛДАҢЫЗ



ШАҢЖИНАУДЫҢ ЦИКЛОНДЫҚ ЖҮЙЕСІ

Циклондық жүйе шаң жинауға арналған қапты қажет етпейді. Шаң бөлшектері шаң жинағышқа ауа ағынымен сорылады. Ауа шаңсорғыштан шығатын және шаңсорғыштан шығатын сүзгі арқылы орнатылған қорғаныс сүзгісімен тазаланады.





ЕСКЕРТУ!

Аспапты ешқашан орнатылмаған сүзгілерсіз, сонымен қатар бүлінген немесе ластанған сүзгілермен, сондай-ақ — шаң жинағыш «МАХ» белгісінен жоғары толғанда пайдаланбаңыз. Кері жағдайда шаң моторға түседі және құрылғының сынуына әкеледі.

ТАЗАЛУ ЖӘНЕ КҮТІМ

Шаңжинағышты тазалау (әр тазалаудан кейін жүргізіледі)

- Аспапты сөндіріңіз және баусымды розеткадан ажыратыңыз. Баусымнан емес, тек қана штепсельдік айырдан ұстап тартыңыз.
- Шаңжинағышты тазалау жүйесімен бірге алыңыз, ол үшін шаңжинағыш қақпағының жоғарғы жағында орналасқан құлыптау түймелерін екі жағынан басып, контейнерді жоғары қарай тартыңыз.
- Сүзгіні шаңжинағыштың артқы жағынан алыңыз. Қажет болған жағдайда, көк сүзгіні алыңыз, тазалаңыз немесе ауыстырыңыз.
- Контейнерді тұтқасынан ұстап, төменгі қақпағын төмен қаратып, оны қоқыс салатын бактың үстіне орналастырыңыз.
- Контейнерді қоқыс жәшігінің үстінде ұстаңыз және шаңжинағыштың төменгі қақпағын ашып, шаңды төгу үшін шаңжинағыштың сол жағындағы бұғатты ашу түймесін басыңыз. Шаң тазаланғаннан кейін, шаңжинағыштың төменгі қақпағын басылғанша жабыңыз.




- Содан кейін, контейнер корпусын тірекке орнатқаннан кейін, шаң жинағыштың жоғарғы қақпағын ашып, шаң жинағыштың ішін тазарту үшін шаң жинағыштың жоғарғы қақпағындағы құлыпты басыңыз.
- Тазалағаннан кейін контейнерді және сүзгілеу жүйесін суық ағынды сумен шайыңыз және құрғатып сүртіңіз, немесе мұқият кептіріңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Шаңсорғыш бөлшектерін ыдыс жуу немесе кір жуу машинасында жумаңыз және фенмен немесе қыздырғыш аспапты пайдалана отырып кептірмеңіз


- Ауа шығаратын HEPA-сүзгіні шешіп алыңыз және ластану мәніне қарап шығыңыз, содан кейін «Ауа шығаратын HEPA-сүзгіні тазалау» тарауындағы, 1-2-т. сипаттамаға сәйкес әрекет етіңіз. Ластану бар болғанда, дәл сол тараудың 3 – 5-тармағына сәйкес тазалау жүргізіңіз, бірақ кемінде 2 айда бір рет тазалаңыз.
- Егер сору күші азайса, бірақ контейнер әлі «MAX» белгіге дейін толмаған болса, контейнерді ашыңыз және сүзгі экранын бірдеңе бөгеп тұрмағанын қарап шығыңыз. Бітеліп қалу анықталғанда құрылғыны тазалауды сұраймыз.




Шаңжинағыштың сол жағындағы құлыпты ашу түймесін басыңыз



Шаңжинағыштың жоғарғы қақпағын ашу үшін басыңыз




Қақпағы ашық



Жылы сумен дұрыс шайыңыз / құрғатыңыз



Шаңсорғыш бөлшектерін тазалау үшін ыдыс жуу немесе кір жуу машинасын пайдаланбаңыз!




Шаңжинағышты құрылғының корпусына орнатыңыз

Ауа шығаратын HEPA-сүзгіні тазалау


Атмосфераға түсер алдында ауа аспаптың артқы қабырғасында орналасқан ауа шығаратын HEPA-сүзгімен соңғы тазалаудан өтеді.

Бұл сүзгіні келесі түрде тазалау керек:


- Құрылғыны электр қуаттан ажыратыңыз. Баусымнан емес, тек қана штепсельдік айырдан ұстап тартыңыз. Қуат баусымын автоматты түрде орау түймесінің көмегімен жинаңыз. Иілгіш құбыршекті шаңсорғыштан ажыратыңыз. Шаңсорғышты, артқы қабырғасын өзіңізге қаратып, бұрыңыз.
- Құрылғының артындағы пернені басу арқылы сүзгі қақпағын алыңыз.
- Оң жақтағы HEPA-сүзгі ұстағышын басып, тартыңыз, оны алып тастау және тазалау үшін сүзгіні өзіңізге қарай тартыңыз.
- Сүзгіні сыртын жоғары қаратып, суық ағынды сүмен шайыңыз. Сабын мен жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз!
- Сүзгіні бөлме температурасында 24 сағат бойы толық құрғағанша құрғатыңыз. Кептіруді тездету үшін жылыту аспаптарын пайдаланбаңыз.
- Сүзгіні бүлінулер жоқ екендігіне қарап тексеріңіз.
- Құрғақ, тазартылған ауа сүзгісін орнына қойыңыз (немесе оны жаңасына ауыстырыңыз) және қақпақты сырт етіп басып салыңыз.




Аспаптың артқы жағындағы пернені басыңыз



Алып тастау үшін өзіңізге қарай тартыңыз




Оң жақтағы иінтіректі басыңыз



HEPA-сүзгіні алып тастау үшін өзіңізге қарай тартыңыз



Сүзгіні суық ағынды сүмен шайыңыз. Сабын мен жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз!



Сүзгіні 24 сағат бойы бөлме температурасында кептіріңіз



Шаңсорғыш бөлшектерін кір жуғыш машинада немесе ыдыс жуғышта жууға болмайды



Шаңсорғыш бөлшектерін фенмен немесе қыздырғыш аспаптарды пайдалана отырып кепітрмеңіз

АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ

Бұл кестеде аспапты пайдалану кезінде туындауы мүмкін болатын ең көп таралған мәселелер атап шығылған. Егер туындаған мәселелерді өз бетінше шешу мүмкін болмаса, тұтынушыларды қолдау орталығына немесе авторизацияланған сервис орталығына жүгініңіз.

Ақаулықтың көрінуі	Ықтимал себептер	Жою тәсілдері
Аспап іске қосылмайды	Қорек жоқ	Қорек баусымының электр желісіне қосылуының сенімділігін тексеріңіз
Сору қуаты жеткіліксіз немесе жұмыс кезінде төмендейді	Шаңжинағышта, сүзгіде, құбыршекте немесе қондырмада бірдеңе бітеліп қалған	Шаңжинағышты және сүзгілерді тазалаңыз немесе ауыстырыңыз. Құбыршектегі және қондырмадағы бітеліп қалуды тексеріңіз және жойыңыз.
Жұмыс кезіндегі электр разрядтары және саптама корпусына шаңның жабысып қалуы	Үй-жайдағы ауаның төмен ылғалдылығына байланысты статикалық электр	Үй-жайдағы ауаны ылғалдандыру шараларын қолданыңыз. Статикалық зарядтарды арылту үшін, металл заттарға саптаманы үнемі жақындатып ұстаңыз
Жұмыс кезінде аспаптың күтпеген жерде сөніп қалуы	Мотордың қызып кетуінен қорғаныс құрылғы іске қосылды	Қызып кетудің ықтимал себептерін (шаң жинағыштың, сүзгілердің, құбыршектердің және қондырмалардың ластануы) жойыңыз. Қайталап қосар алдында, аспапқа салқындауы үшін 30 минуттан кем емес уақыт беріңіз
Баусым толығымен оралмайды	Баусым бұралып қалған, ластанған немесе тегіс оралмаған	Желіден ажыратылған аспапта баусымды бүкіл ұзындығына суырып шығарыңыз, ылғал матамен сүртіп алыңыз, кептіріңіз және біркелкі етіп кері ораңыз.
Баусым толығымен шықпайды	Баусым бұралып қалған, ластанған немесе тегіс оралмаған	Автоорау түймесін басыңыз және баусымды бірнеше рет суырып шығарыңыз.
Пульт жұмыс істемейді	Батарея қуатсызданды	Нұсқаулыққа сәйкес батареяны ауыстыру керек



Назар аударыңыз! Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Сіздің құралды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электр құралдарымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.

САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

САҚТАУ

Аспаптар қоршаған ауаның температурасы плюс 40°C-ден аспайтын, салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан аспайтын және қоршаған ортада электр аспаптар материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқылды және басқа да бұлар болмайтын жабық құрғақ және таза үй-жайда сақталады.

ТАСЫМАЛДАУ

Электр аспаптары нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалданады. Аспапты тасымалдағанда, зауыттық түпнұсқа қаптаманы пайдаланыңыз.

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

Ескертпе: Электр аспабының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР



Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PVC 1909 - POLARIS сауда маркасының тұрмыстық электр шаңсорғышы

Кернеуі: 220 - 240 В

Жиілігі: ~ 50 Гц

Максималды қуаты: 2200 Вт

Шаңға арналған контейнердің тиімді көлемі: 3000 мл.

Қорғау сыныбы – 2

Пульттің қорек элементі 1x CR2025 Lithium battery (жинаққа кіреді)



Ескертпе: Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Өнім КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2017 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдар айналымының бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Бұйымға берілетін кепілдік мерзім: 3 жыл

Бұйымның қызмет мерзімі: 3 жыл

Өнім табиғи тозуға ұшырайтын және/немесе қызмет ету мерзімі шектеулі және қызмет ету мерзімі біткендіктен жоспарлы ақылы ауыстыруға жататын компоненттерді қамтиды.

Өндіруші осы құрамдас бөліктерге пайдалану нұсқауларын сақтау және механикалық зақым болмаған жағдайда шектеулі кепілдік береді.

Бұл өнімде мыналар:

- Қылқалам қосымшасы - 12 ай кепілдік
- Сорғыш құбыр және шланг - 12 ай кепілдік

Өндірілген айы мен жылы туралы ақпаратты аспаптың паспорттық тақтайшасынан қарау қажет

Дайындаушы:

НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД

Мекенжайы: № 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Цыси, Чжэцзян провинциясы, ҚХР

Manufacturer: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED

No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

Импорттаушы және Дайындаушының РФ және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттеріндегі Импорттаушысы және Уәкілетті өкілі: "ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11 үй, 3 құрылыс, 4 қабат I үй-жай 13 бөлме, Тел. +7 (495) 419-11-78

Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефоны 8-800-700-11-78

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Бұйым: Тұрмыстық электр шаңсорғышы

Модель: PVC 1909

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 36 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;
 - Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы қағидаларының талаптарын бұза отырып, бұйымды оның тікелей мақсаты бойынша пайдаланбау, сондай-ақ бұйымды орнату мен пайдаланудан тұратын дұрыс пайдаланбау;
 - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
 - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
 - Өңдеудің, қондырмалар мен аксессуарлар бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандардың, сүзгілердің, қоқыс жинағыштардың, тығыздағыш элементтердің, белдіктердің, шеткалардың және шектеулі пайдалану мерзімдері бар және пайдалану барысында табиғи тозуға бейім өзге бөлшектердің тозуынан;
 - Авторланған сервистік орталықтары* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар бұйымды жөндеуінен;
 - Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларына.
4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, дайындаушы кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
5. Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз!! Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS авторландырылған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

* Авторланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: www.polaris.ru

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген

